

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 4 (2020)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPYU00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

Бас редакторы – главный редактор

Бегентаев М. М.

д.э.н., профессор

Заместитель главного редактора

Ответственный секретарь

Пфейфер Н. Э., *д.п.н., профессор*

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Абибуллаева А.,

д.п.н., профессор

Бурдина Е. И.,

д.п.н., профессор

Жумагаева Е.,

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Донцов А. С.,

доктор PhD

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

Қ. Н. Сарыбекова, М. Т. Абжапарова

М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік ениверситеті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Бұл мақалада бастауыш мектептің математика пәнінің сабақтарын жаңартылған білім мазмұны бойынша тиімді ұйымдастырудың қағидалары көрсетілген.

Жаңа бағдарлама мазмұнына сәйкес ұйымдастырылатын оқыту процесі және ондағы мұғалімнің алатын роліне тоқтай келе, мұғалімдердің сабақтарды дұрыс ұйымдастыруына қойылатын талаптар мен негізгі қағидалар ашылған.

Бастауыш мектептегі математика пәнінің жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктері анықталынған. Жаңа бағдарлама мазмұнының аясында мұғалімнің сабақтарға дайындалу және оны жоспарлау технологиясының кейбір мүмкіндіктеріне тоқталған.

Жаңартылған білім берудің ерекшелігі - оқушының үйлесімді қолайлы білім беру алаңың құра отырып, сыни тұрғыдан ойлау, зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, эксперимент жасау, ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану, коммуникативті байланысқа түсу, жеке, жұптық, топтық жұмыс жасай білу екені анықталынған.

Математика сабақтарының материалдарының мазмұны, қолданылатын әдістері алдыға қойылған міндеттерді анықтай отырып білім мазмұны жағынан дұрыс ұйымдастырылған сабақтың мазмұнын алуан түрлі болатыны көрсетілді. Математка сабағын тиімді ұйымдастырудың әдіс-тәсілдеріне қойылатын талаптар ескертілді. Сондықтан, осы талаптар негізінде жаңартылған бағдарлама аясындағы математика сабағын тиімді ұйымдастырудың жалпы қағидаларын тұжырымдау қажеттілігі сөз болды.

Зерттеу жұмыстарын педагогикалық практика кезінде студенттер мен магистранттар жүргізіп, нәтижелерін сандық-сапалық жағынан талдау жасап қорытынды жасауға мүмкіндік берген.

Кілтті сөздер: бастауыш мектеп, жаңартылған бағдарлама, математика, заманауи әдіс-тәсілдер, қағидалар, педагогтың мәртебесі, шырышық қағидаты, функционалды сауаттылық.

Кіріспе

Еліміздің келешегі өркендеп өркеніетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ тәрбиесінен көрінеді. Бүгінгі білім беру жүйесіндегі мәселе – әлеуметтік-педагогикалық, ұйымдастыру тұрғысынан, білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді, жаңа әдіс-тәсілдерін қарастыру мен оларды жүзеге асыра алатын ұстаздарды дайындау екені белгілі.

Бүгінгі бастауыш мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық нобайына көшу оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, интербелсенді педагогикалық әдістерді меңгерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық қызметте қалыптасқан бұрынғы оқыту жүйесінен арылуға қабілетті және заманауи тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзінің әдіс-тәсілдерін қолдана алатын, икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, жаңашыл ұстаз болуын қажет етеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы, 25 сәуірдегі №327 қаулысымен қабылданған «Бастауыш білім берудің мемлекеттік стандарты» негізінде оқыту процесін ұйымдастыру жаңартылған әдіс-тәсілдерді енгізуді міндеттейді [1].

2016–2017 оқу жылынан бастап еліміздегі барлық мектептердің оқушылары жаңа жүйе бойынша білім алуда. Сарапшылардың айтуынша, жаңартылған білім мазмұны - әлемдік тәжірибенің озық үлгісі. Жалпы Мемлекетіміздің білім беру жүйесіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - уақыт талабына сай болашақтың сұранысын толығымен қанағаттандыратын тын бағдарлама. Кәсіби деңгейде жаңартылған жүйеге қадам басып, білім жүйесіне ендірілген өзгерістердің ерекшеліктерін зерттей бастаған кезеңде жаңартылған білім бағдарламасының мүмкіндіктерін түсініп, меңгеріп алу жеңіл жұмыс емес [2].

Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңартылған көзқарас пайда болды. Соған сай мұғалімдердің мақсаты оқытудың әдіс-тәсілдерін әрдайым жаңашалап отыру және ақпараттық-коммуникациялық технологияны меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті түр.

Осылардың негізінде елімізде білім беруді дамытудың осы кезге дейін болмаған жаңашыл жобалар жасалды. Негізінен, аталмыш мәселе үш басымдылықты іске асыруға негізделген:

- білім берудің жаңа сапасы;
- педагогтың жаңа мәртебесі;
- білім берудің жаңа әдістері.

Бұл бағыттардың қай-қайсысының болмасын қоғамдық-әлеуметтік мән-мағынасы, болашақтық құндылығы едәуір зор.

Зерттеудің нысаны: бастауыш мектептің математика пәні.

Зерттеудің пәні: жаңартылған білім беру жүйесіндегі бастауыш сынып математикасын тиімді өтуді ұйымдастыру.

Мақсаты: Білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялы бағалау жүйесін енгізу мен оқытудың әдіс-тәсілдерін, алуан оқыту құралдарын пайдаланудың тиімділігін арттыру мәселесін математика пәніне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттарын анықтап зерттей отырып, жаңа нысандағы сабақтарды ұйымдастыра білу болып отыр.

Міндеттері:

- Математика сабақтарының материалдарының мазмұны, қолданылатын әдістері алдыға қойылған міндеттерді анықтап беру;
- Теориялық тұрғыда толық қамтылған, яғни қарастырылатын мазмұнды жалпылауға керекті материалмен таныстыру;
- Теориялық және практикалық материалдардың мазмұнын алуан түрлі етіп жасауды ұсыну;
- Математика пәнінің материалын басқа пәндердің материалдарымен толық ұштастырып отыруды ұсыну.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі:

Бастауыш мектептегі білім беру процесі Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі нормативтік-құқықтық базаға сәйкес іске асырылады.

Бастауыш мектептегі математика пәнінің жаңартылған оқу бағдарламаларының мазмұны несімен ерекшеленеді:

- оқытудың жаңартылған бағдарламасы «шиыршық қағидаты» принципіне жасалынған, атап айтқанда, тақырыптар барлық сыныптар бойынша білім, білік, дағды бірте-бірте жетіліп, күрделене отыруы;
- оқыту, білім беру мен тәрбиелеу бірлігінің қағидатын жүзеге асыруды толық қамтамасыз етеді;
- үштілділік мәселесін жүзеге асыру көзделген;
- пәндерден алынған білім нәтижелері түрінде оқытудың жаңа мақсат-міндеттерінің жүйесі көрсетілген;

– математика пәнінен алынатын білім, білік, дағдылардың үлкен ауқымын қалыптастыруға негізделген: функционалдық сауаттылықтарын және шығармашылық қолданыстарын, сыни тұрғыдан ойлау, зерттеу мен жобалау жұмыстарын жүргізу, АКТ тиімді қолдану, қарым-қатынастың заманауи әдіс-тәсілдерін меңгеру, жеке және топтық жұмыс жүргізе білу, кездесетін мәселелерді шеше алу және шешімді дұрыс қабылдау;

– ортақ мақсаттағы тақырыптардың болуы;

– ерекше құндылықтар негізінде кен ауқымды дағдылармен бірлікте жеке тұлғалық қасиетті дамыту: «Қазақстандық ұлтжандылық және азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылықты қатар алып жүру», «ашықтық», «өмір бойына ізденіп, білім алу» [3].

Жаңартылған білім берудің ерекшелігі – оқушының үйлесімді қолайлы білім беру алаңың құра отырып, сыни тұрғыдан ойлау, зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, эксперимент жасау, ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану, коммуникативті байланысқа түсу, жеке, жұптық, топтық жұмыс жасай білу. Функционалды сауаттылықты, шығармашылық қабілетті қолдануды және оны тиімді жүзеге асыра білу үшін тиімді әдіс-тәсілдерді түсіну. Математикадан жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі - оның шиыршық қағидатымен берілуі. Математика сабақтарының оқу мақсаттарын, тапсырмаларды, ықшам сабақтарды үйлесімді байланыстыру болып табылады [4].

Жоғарыда келтірілген талаптар математика сабақтарын жаңартылған бағдарлама талаптарына сай дұрыс ұйымдастырудың негізгі шарттары болып табылады. Алайда, олар жаңартылған бағдарлама аясындағы математика сабағын қалай ұйымдастыру керек? деген сұраққа толық жауап бере алмайды. Сондықтан, осы талаптар негізінде жаңартылған бағдарлама аясындағы математика сабағын тиімді ұйымдастырудың жалпы қағидаларын тұжырымдау қажет.

Сабақтағы әдіс-тәсілдер жағынан алғанда математика сабағына қойылатын талаптар мынадай:

а) бір сабақ үстінде әртүрлі әдістерді қолдану сол сабақтың ерекшеліктерін ескере отырып жасалынған болуы керек;

ә) оқыту әдістерінің үйлесімді кезектесіп отырылуы ескерілуі қажет;

б) оқыту әдістері оқушылардың оқу барысындағы белсенді іс- әрекетін ұйымдастыруға талпыныс жасайтындай болуы тиіс;

в) сабақ барысында қандай әдіс-тәсіл қолданылса да мұғалімнің сөйлеу мәнері, тілі жеңіл, нақтылы түрде болуы тиіс [5].

Бірінші қағида: сабақта қолайлы психологиялық ахуал орнату. Мұғалім кез келген сабақты оның өзі мен оқушыларының бірлескен іс-әрекетінің жиынтығы деп қабылдауы қажет. Сабақ нәтижелі болу үшін өзара ынтымақтастыққа негізделген мұғалім мен оқушылар арасындағы жақсы қарым-қатынас орнатылуы тиіс. Ынтымақтастықтың негізгі көрсеткіштері мыналар:

- 1) Баланың ішкі дүниесін сезіну.
- 2) Әр оқушының жеке-дара, жас және психологиялық ерекшеліктерін білу.
- 3) Әр балаға үлкен кісі ретінде қарап, соған сай қарым- қатынас жасауға тырысу.
- 4) Баланың жеке басының кемшіліктерін емес, табыстары мен жетістіктерін көрсетіп отыру.
- 5) Әр оқушының математикалық дайындығының деңгейін біліп, соған тиісті қарым-қатынас жасап отыру.
- 6) Сабақтың нәтижелі болуы тек қана мұғалімге байланысты емес, тікелей оқушының орындайтын іс-әрекетіне де тәуелді екенін сездіру, т.с.с.

Екінші қағида: оқушылардың математика пәніне көңіл қойып, ынталы болуын қамтамасыз ету. Ол үшін мұғалім педагогикалық әдеп пен әзіл-қалжыңды шебер үйлестіру, кейбір қызықты жағдаяттарды айта отырып, оқушыларды жігерлендіру арқылы математика пәніне деген қызығушылықты үнемі оятып отыруы керек.

Үшінші қағида: педагогтық әдепті қатаң сақтау және оқушылардың алдында өзін дұрыс ұстау. Ұстаздың бойында ілтипаттылық, байқағыштық және әділдік, оқушыларға сенім арту, төзімділік және сабыр сақтау сияқты қасиеттер көп болуы керек. Мұғалім өзінің сөзіне есеп беріп, сөйлеу мәнері логикалы және стиль жағынан дұрыс болып отыруына баса назар аударуы тиіс.

Төртінші қағида: сабақтың мақсаты мен міндеттерін дәл анықтап алу. Оқушы сабақта қандай мақсат көзделіп отырғандығын айқын білуі тиіс. Сабақ барысында оқушылардың өзара бағалау мәселесі және бір-біріне жағдаятар туғызу арқылы сабақты қызықты өту мәселесін қарастыру. Бұл оқушының сабаққа, оқу материалына деген саналы көзқарасын қалыптастыруға игі әсерін тигізеді.

Бесінші қағида: ұстаз математикалық материалдың мазмұнын терең біліп, оқу материалының мазмұнын толық талдап, оның көлемін сабаққа қойылып отырған мақсат пен оқушылардың танымдық мүмкіншіліктеріне сәйкестендіріп, ұсынылатын есептердің оқушылардың интеллектуалдық қиналуын туғызатындай, бірақ оның қиындығы оқушылар өздігінен іздену арқылы шеше алатындай дәрежеде болуына назар аударып отырылуы.

Алтыншы қағида: сыныпта шығарылатын есепке байланысты атқарылатын жұмысты толығымен өзі орындаудан немесе оны үздік оқушыға тапсырып, оқушыларға дайын нәрсені көшіріп алуға мүмкіндік беруден сақтануы керек. Керісінше, оқушылар алдында жиі проблемалық ситуациялар туғызып, оны оқушылардың өз беттерімен шешуіне қолайлы жағдайлар туғызуы қажет.

Жетінші қағида: әрбір оқушының сабаққа белсене қатысып отыруын қадағалап отыру тиіс. Есепті тез шығаратын оқушыларға назарды көп аудара бермей, үлгермейтін, дайындық деңгейі нашар және сабаққа деген ынтасы төмен оқушылар да мұғалімнің назарында болуы керек. Ол үшін ұстаз белсенді қарқында жұмыс істеуге, сондай-ақ оқушылардың ырғақтылығын көтеретіндей әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдалануға ұмтылуы керек.

Сегізінші қағида: оқытудың қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологияларын ұтымды пайдалана алуы қажет. АКТ сабақ барысындағы жұмыс өнімділігін арттырады, уақытты тиімді қолдануға себеп болады, сабақ барысын жетілдіреді.

Тоғызыншы қағида: оқушылардың математикалық дайындығын үнемі бақылап отыруы, сондай-ақ математикалық білімдерін жүйелі түрде тексеріп, бағалап отыруы керек. Мұнда оқушылардың пән бойынша оқу үлгерімдерін тиянақты есепке алып, кейбір оқушыларда кездескен қиындықтарды жоюдың жолдарын үнемі іздестіріп отыруы қажет.

Оншыны қағида: оқушылардың танымдық, логикалық және шығармашылық, зерттеушілік қабілеттерін дамытуға үнемі көңіл аударып отырылуы тиіс.

Он бірінші қағида: математика сабақтарында мұғалім 6-10 жастағы балалардың ерекшеліктерін, олардың көбіне нақты түрде ойлап, дерексіз ойлауға әлі де төселе қоймағандығын, математикалық білім қорының жеткіліксіздігін ескеріп отыруы қажет.

Он екінші қағида: Оқушылардың өзін-өзі тексерулері, мұғалім тексеруі, ағымдағы және аралық тексеру, т.б. арқылы білім олқылықтарын, материалды игеру деңгейі анықталады. Қосымша жұмыстар жүргізіліп, әр оқушы өз қабілетінше білім алуы қажет.

Он үшінші қағида: оқушы өзбетінше немесе мұғалімнің көмегімен белгілі бір нәтижеге жетуі тиіс. Оқушы мұғалімнен нені есте сақтау, нені жазу, нені қайдан табу, қалай тиімді әрекет ету, нені білу керектігі жөнінде жазылған жазбаша түрде тапсырмалар алады. Оқушыға оқулық, қосымша әдебиеттер, кесте, сызба нұсқалар, суреттер, технологиялық жабдықтар, ауызша құралдар пайдалануға болады.

Он төртінші қағида: мұғалімнің сабақты түрлендіруі оқушылардың жазып отыруымен дұрыс ұштастырылуы керек. Бұл орайда мұғалім сынып тақтасын тиімді пайдалана білуі керек, өзі тақтаға дұрыс жазып, балалардан да соны талап етуі тиіс. Тақтадағы жазуларды дұрыс көрінетіндей етіп жазуы керек. Ондағы жазу ірі, анық болуымен қатар, ұқыпты жазылған болуы керек. Әсіресе, тақтада цифрлар мен математикалық таңбалардың дұрыс жазылуына ерекше кеңіл бөліп отырған жөн.

Он бесінші қағида: үйге тапсырма бергенде оқушыларға шамадан тыс күш түсірмеу жағдайын ескеру керек. Математикадан үйге тапсырма бергенде, үй тапсырманы орындау жөнінде қысқаша нұсқау беріп, үй тапсырмасын электрондық күнделіктен алуларын қадағалау керек.

Он алтыншы қағида: математика сабағы міндетті түрде қоңырау соғылғанға дейін қорытындылануы керек. Мұнда мұғалім сабақ алдына қойылған мақсаттың орындалуы жөнінде әңгіме қозғап, оқушылар білімін қалыптастырушы бағамен бағалауы, сабаққа белсенді қатысқан оқушыларды мадақтауы, сондай-ақ сабаққа ынта қоймаған оқушыларды атап көрсетуі керек [6].

Бұл қағидалар бастауыш сыныптың мұғалімі математика сабағына дайындалғанда және оны жоспарлағанда жан-жақты ескерілуі тиіс. Қорыта айтқанда, жоғарыда атап көрсетілген қағидалар математика сабағын тиімді жоспарлау мен оны сапалы өткізудің шарты болып табылады.

Мұғалімдердің сабаққа жаңартылған бағдарлама ерекшеліктеріне сай біз көрсеткен қағидаларға сүйену нәтижесін анықтау үшін жүргізілген эксперимент жұмыстарына М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, «Бастауыш мектепте оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасында оқитын 40 білімгерлер қатысты.

Біздің зерттеуіміз бойынша бастауыш мектеп мұғалімдерінің жаңартылған бағдарлама бойынша сабаққа дайындалулары бірізділікпен жүргізілетіндіктері байқалды.

Бастауыш мектеп мұғалімінің осындай репродуктивті қызметін айқындау үшін төмендегідей сұрақтар берілді:

- 1) Сабаққа дайындалуды неден бастаған дұрыс деп ойлайсыз, неге?
- 2) Жаңа әдістемені тандауда қандай қиыншылықтар кездеседі?
- 3) Сабаққа өзiрленгенде оқытудың жаңа әдістемесін тандауда нені басшылыққа аласыз?
- 4) Оқытудың жаңа әдістерін тандауда өз мүмкіншіліктеріңіз-ге қандай өзіндік баға бересіз?

Алынған сауалнама нәтижесінде мұғалімдер негізінен сабаққа дайындалуда тек сабақ жоспарын құрастырумен тоқталады, соның ішінде

көпшілігі (54 %). Мұғалімдердің 38 % оқытудың әдістерін алдын-ала ойластырады. Тек 8 % мұғалім ғана түпкілікті сабаққа дайындалатындықтары белгілі болды.

«Оқытудың жаңа бағдарламасы қандай қиыншылықтар кездеседі?» деген сұраққа жауапты сараптау барысында мұғалімдердің көпшілігі оқыту технологиясымен жетік таныс еместерін көрсетті. Негізгі қиыншылықтар ретінде даралап, саралап оқытуды ұйымдастырудағы, дамыта оқыту технологиясын қолданудағы қиыншылықтарды көрсетті. Дамыта оқыту технологиясындағы сабақтың құрылымы дәстүрлі қалыптасқан сабақ құрылымына қарағанда көптеген ерекшеліктері салыстырмалы түрде көрсетіліп, ондағы сабақтың құрылымы негізінен үш үлкен кезеңге бөлінетіндігі теориялық түрде негізделді. Аталған кезеңдерді былайша көрсетуге болады:

1-кезең. Бағдарлау – мотивациялық (10 минут)

2- кезең. Операциялық – орындаушылық (20 минут)

3-кезең. Рефлексиялық – бағалау (5 минут)

Үйге тапсырма беру (5 минут)

Сауалнаманың «Оқытудың жаңа әдістемесін тандауда нені басшылыққа аласыз?» деген сұраққа, мұғалімдердің көпшілігі «Тек қана оқу материалының мазмұны жағдайын ескереміз» деп жауап берген.

Орта мектеп мұғалімдеріне жүйелі ғылыми-әдістемелік көмек көрсету, олардың жұмыстарына бақылау жүргізу, инновациялық іс-әрекетінің практикалық мүмкіншіліктерін толық пайдалануға қосымша кеңес бере отыру, мұғалімдердің зерттеу іскерліктерін, педагогикалық ойлау қабілеттерінің дамуын қалыптастыру процесіне бағдар жасап отыру қажет.

Диагностикалық кезеңде: мұғалімнің сабаққа дайындалуын зерттеу, мұғалімдердің оқу процесіндегі жаңа әдістемелерді қолдануда кездесетін қиыншылықтарына талдау жасау; орта мектепте қолданылатын инновациялық әдістемелерді анықтау, орта мектеп мұғалімдерімен сауалнама жүргізу, күтілетін нәтиженің өлшем бағасын белгілеу, орта мектеп мұғалімдерінің инновациялық іс-әрекетінің қалыптасу деңгейін анықтау жұмыстары жүргізілді.

Репродуктивті деңгей – (іс-әрекетті, білімді белгіленген межеге дейін қабылдай алу деңгейі) педагогикалық жаңалықтарға тұрақты көзқарас, педагогикалық іс-әрекетіне қанағаттанушылық танытады.

Эвристикалық деңгей – жаңалықты жалпы түрде идеямен, тұрақты саналы енгізуімен сипатталады. Мұғалім педагогикалық міндеттерді шешудің жаңа тәсілдерін іздестірумен, ойлап табуды іздестіреді. Мұғалім

іс-әрекеті инновацияны енгізуді қамтамасыз етуде кері байланыс, эмпатия басты орын алады.


Шығармашылық деңгей – (жаңаны ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі) инновациялық іс-әрекет жоғары сатылы нәтижелігімен сипатталады. Педагогтың инновациялық іс-әрекетінде шығармашылық белсенділік, импровизация, педагогикалық интуиция, бала тәрбиесінде түпнұсқа авторлық көзқарастар пайда болады.

Біздің зерттеуімізде орта мектеп мұғалімдерінің сабаққа дайындалуын дұрыс ұйымдастырып, инновациялық іс-әрекетті оқу процесінде қолдануының экспериментке дейінгі және одан кейінгі білімдерін салыстыру тәсілі әр кезең соңында жүргізілген бақылау қорытындылары, сауалнама әдісі арқылы тексерілді.

Кесте 1 – Жаңартылған бағдарлама мазмұнына сай сабаққа мұғалімдердің дайындалу деңгейлері

р/с	Деңгейлер	Нәтижелері		
		1 кезең	2 кезең	3 кезең
1	Репродуктивті	65,8 %	50,7%	22,8%
2	Эвристикалық	21,3 %	28,8%	49,2%
3	Шығармашылық	12,9 %	20,5%	28%

Сабаққа мұғалімдердің дайындалу деңгейлерін сызба 1-де көрсеттік.



Сурет 1 – Сабаққа мұғалімдердің дайындалу деңгейлерінің нәтижесі

Қорытынды

Сонымен, зерттеу жұмысы барысындағы алынған қорытындылар мұғалімдердің сабаққа жаңартылған бағдарлама талаптарына сай дайындалуларына көмек болатын қағидалар, мұғалімнің қазіргі заманғы инновациялық іс-әрекетке шығармашылық белсенділік көрсетуі мен көңіл бөлуі білім нәтижесінің көтерілуіне әсерін тигізетінін көрсетіп отыр.

Сондықтан біз ұсынған қағидалар потенциалы арқылы бастауыш мектеп мұғалімінің әдіснамалық, әдістемелік, шығармашылық, инновациялық іс-әрекетін қалыптастыруға болады деген қорытынды жасауға мүмкіншілік береді.

Пайдаланған деректер тізімі

1 Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – 2015 жыл 25 сәуір. – № 327 қаулы. – Астана, 2015.

2 Бастауыш мектептің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы. – Астана, 2015. – 32 б.

3 Критериалды бағалаудың кіріктірілген моделі / Әдістемелік ұсыныстар. – Астана, 2019. – 35 б.

4 Формативное (формирующее) оценивание : методическое пособие / Е. Н. Кохаева. – Астана : АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» Центр педагогического мастерства, 2014.

5 Бастауыш сыныптың математика оқулықтары мен дәптерлері. [Электронды ресурс]. – <https://helpiks.org/5-107946.html>

6 **Красноборова, А. А.** Критериальное оценивание в школе [Текст] : Научное издание / А. А. Красноборова. – Пермь, 2018. – 241 с.

7 **Матвеева, Е. И., Патрикеева, И. Е.** Критериальное оценивание в начальной школе [Текст] : Научное издание / Матвеева Е. И., Патрикеева И. Е. Пособие для учителя (из опыта работы). – М. : Вита-Пресс, 2013. – 324 с.

8 **Курманалина, Ш.** Методика преподавания математики в начальных классах. [Текст] : Научное издание / Курманалина Ш. – Астана, 2011. – 203 с.

9 **Сарыбекова, Қ. Н., Сағымбекова, П. С.** Бастауыш мектептегі математиканы оқыту [Текст] : Научное издание / Сарыбекова Қ. Н., Сағымбекова П. С. – Тараз, 2019. – 206 с.

10 **Сарыбекова, Қ. Н.** Математиканы оқыту әдістемесі [Текст] : Научное издание / Сарыбекова Қ. Н. – Тараз, 2016. – 283 с.

References

1 Bastyýsh bilim berýdiń memlekettik jalpyǵa mindetti standarty [State mandatory standard of Primary Education]. – Resolution No. 327 of April 25, 2015. – Astana, 2015.

2 Bastyýsh mekteptiń muǵalimderine arnalǵan kriterialdy baǵalaý boıynsha bashhylyq [Guidelines for criterion-based assessment for primary school teachers.

Autonomous educational organization «Nazarbayev Intellectual Schools». – Astana, 2015. – 32 p.

3 Kriterialdy baғalaýdyń kiriktirilgen modeli /Ádistemelik usynystar. [Integrated model of Criterion assessment / methodological recommendations]. – Astana, 2019. – 35 p.

4 Formativnoe (formirýýshee) osenivanie: metodicheskoe posobie / E. N. Kohaeva. [Formative assessment: methodological manual /E. N. Kachaeva]. – Astana : AEO «Nazarbayev Intellectual schools» center of pedagogical excellence, 2014.

5 Bastayısh synpytyń matematika oqýlyqtary men dápterleri. [Primary school math textbooks and notebooks]. [Electronic resource]. – <https://helpiks.org/5-107946.html>.

6 **Krasnoborova, A. A.** Kriterialnoe osenivanie v shkole. [Tekst]: naýchnoe izdanie [Criteria-based assessment at school [Text]: scientific publication]. – Perm, 2018. – 241 p.

7 **Matveeva, E. I., Patrikeeva, I. E.** Kriterialnoe osenivanie v nachalnoi shkole. [Tekst]: naýchnoe izdanie [Criteria assessment in primary school. [Text]: scientific publication. Manual for teachers (from work experience)]. – M. : Vita-Press, 2013. – 324 p.

8 **Kýrmanalina, Sh.** Metodika prepodavania matematiki v nachalnyh klassah. [Tekst]: naýchnoe izdanie [Methods of teaching mathematics in primary classes. [Text]: scientific scientific publication]. – Astana, 2011. – 203 p.

9 **Sarybekova, Q. N., Sağymbekova, P. S.** Bastayısh mekteptegi matematikany oqytý. [Tekst]: naýchnoe izdanie [Teaching mathematics in primary schools. [Text]: scientific publication]. – Taraz, 2019. – 206 p.

10 **Sarybekova, Q. N.** Matematikany oqytý ádistemesi. [Tekst]: naýchnoe izdanie. [Matematicchny oyato dememes. [Text]: scientific publication] – Taraz, 2016. – 283 p.

Материал 29.12.20 баспаға түсті.

К. Н. Сарыбекова, М. Т. Абжапарова

Принципы эффективной организации уроков математики по обновленному содержанию образования

Таразский региональный университет имени М. Х. Дулати,
Республика Казахстан, г. Тараз.

Материал поступил в редакцию 29.12.20.

K. N. Sarybekova, M. T. Abzhaparova

Principles of effective organization of mathematics lessons based on the updated content of education

M. H. Dulati Taraz Regional University,
Republic of Kazakhstan, Taraz.
Material received on 29.12.20.

В данной статье отражены принципы эффективной организации уроков математики начальной школы по обновленному содержанию образования.

В соответствии с содержанием новой программы раскрыты основные принципы и требования к правильной организации уроков учителями.

Определены особенности обновленных учебных программ по математике в начальной школе. В рамках содержания новой программы учителя остановились на некоторых возможностях технологии подготовки к занятиям и ее планирования.

Особенность обновленного образования заключается в том, что обучающийся должен уметь критически мыслить, организовывать исследовательскую работу, экспериментировать, применять информационно-коммуникационные технологии, вступать в коммуникативную связь, работать в индивидуальном, парном, групповом коллективе, создавая гармонично благоприятную образовательную площадку.

Показано, что содержание материала, используемые методы уроков математики разнообразны по содержанию правильно организованного урока с определением поставленных перед ним задач. Оговорены требования к методам и приемам эффективной организации урока математики. Поэтому на основе этих требований была сформулирована необходимость выработки общих принципов эффективной организации урока математики в рамках обновленной программы.

Исследовательская работа была проведена студентами и магистрантами во время педагогической практики, позволила сделать вывод о количественно-качественном анализе результатов.

Ключевые слова: начальная школа, обновленная программа, математика, современные подходы, принципы, статус педагога, принцип спирали, функциональная грамотность.

This article reflects the principles of effective organization of elementary school math lessons based on the updated content of education.

In accordance with the content of the new program, the main principles and requirements for the correct organization of lessons by teachers are revealed.

The features of updated educational programs in mathematics in primary school are defined. As part of the content of the new program, teachers focused on some of the features of the technology for preparing for classes and planning it.

The peculiarity of the updated education is that the student must be able to think critically, organize research, experiment, apply information and communication technologies, enter into communication, work in an individual, pair, group team, creating a harmoniously favorable educational platform.

It was shown that the content of the materials of mathematics lessons, the methods used, differ in the content of the correctly organized lesson in terms of the content of knowledge, defining the tasks set for it. The requirements for methods and methods of effective organization of mathematics lessons were noted. Therefore, based on these requirements, it was necessary to formulate general principles for the effective organization of mathematics lessons within the framework of the updated program.

The research work was carried out by students and undergraduates during the pedagogical practice, which allowed us to draw a conclusion about the quantitative and qualitative analysis of the results.

Keywords: primary school, updated program, mathematics, modern approaches.

Теруге 29.12.2020 ж. жіберілді. Басуға 11.01.2021 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,93 Мб RAM

Шартты баспа табағы 38,0.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3720

Сдано в набор 29.12.2020 г. Подписано в печать 11.01.2021 г.

Электронное издание

2,93 Мб RAM

Усл.п.л. 38,0. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3720

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz